



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2009 ж «16» қараша

№ 722

Астана қаласы

город Астана

**Туберкулез бен АИВ жұқпалы ауруларының
бағдарламасының интеграциясы жөнінде**

Қазақстан Республикасында тіркестірілген жұқпалы аурулар туберкулез\АИВ (бұдан әрі – ТБ/АИВ) эпидемиологиялық бақылауды күшейту мақсатында, туберкулезге қарсы ұйымдарымен ЖИТС пен күресіп алдын алатын орталықтарының бірлесіп, тиімді қызмет атқаруын **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ұсынылғандарды бекіту:

1) Осы бұйрықтың 1 қосымшасына сәйкес, ТБ\АИВ – қарсы біріккен күрестің қызметінің мониторингінің индикаторын бағалау;

2) Бұйрықтың 2 қосымшасына сәйкес, туберкулезге қарсы қызмет түрлеріне арналған Бақылау қағазы;

3) Осы бұйрықтың 3 қосымшасына сәйкес ЖИТС - пен күрес және алдына алу орталықтарына арналған Бақылау қағазы;

2. Облыстық денсаулықсақтау Басқармаларының жетекшілеріне, Алматы, Астана қалаларына, «Туберкулез проблемалары Ұлттық орталығы» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - ТМҰО), «ЖИТС – пен күресу және алдына алудың Республикалық орталығы» (бұдан әрі – ЖИТС РО);

1) республикалық және облыстық мекемелерде дәрігерлердің арасынан (ЖИТС – орталығы, ТҚҰ – 1 адам) ТБ және АИВ қызметтерінің өзара байланысын бақылау мақсатында жауапты координаторлар тағайындау;

2) АИВ – жұқтырылғандарды жыл сайын бірінші медико санитарлық көмек (ары қарай - БМСК) жүйесінің ұйымдарында тегін туберкулезден тексерілуден өтулеріне жағдай жасау;

3) ЖИТС - орталықтарына жақын орналасқан емханаларды белгілеп, АИВ – жұқтырылғандарды сол емханаларда туберкулезге тексереуді өткізу;

3. ТПҰО – ның, облыстық денсаулықсақтау басқармасының және Алматы, Астана қалаларының жетекшілерін қамтамасыз ету:

1) Туберкулезді бірінші медико санитарлық көмек жүйесі мен туберкулезге қарсы мекемелерінде анықтау, тіркеу, емдеу және диспансерлік бақылауға алу туралы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ДМ) 2007 жылдың тамыз айының 3 жұлдызындағы №466 бұйрығымен және Қазақстан Республикасында туберкулезді бақылау Басшылығының ҚР ДМ бекітілген 2008 жылдың маусым айының 3 жұлдызындағы №323 бұйрығы бойынша Нұсқауды орындау;

2) АИВ – жұқтырғандарға фтизиатр – дәрігердің кеңесі;

3) ТБ/АИВ - науқастарының мәліметтерін тоқсан сайын салыстыру;

4) ТБ/АИВ науқастарына ауруханалық және емханалық ем тағайындау;

- 5) ТБ/АИВ жағдайларына фтизиатрларды үйрету;
 - 6) Туберкулезге қарсы ұйымдарда (бұдан әрі - ТҚҮ) емделу кезінде, ТБ/АИВ науқастарының АРВ – препаратын қабылдауына бақылау жүргізу;
 - 7) ЖИТС орталығында туберкулездің химиялық профилактикасы үшін сұранысқа сәйкес ионизид препаратын қолдану;
 - 8) ТБ науқастарына АИВ – тан алдын алу шараларын өткізу;
4. ЖИТС РО, облыстық денсаулық сақтау басқармасының және Астана мен Алматы қалаларының басшыларына:

1) Фтизиатрларды даярлау және ҚР ДМ 2004 жылғы ақпан айының 12 жұлдызындағы №150 бұйрығымен бекітілген АИВ/ЖИТС жағдайларында Кезекті хаттамаларына (стандартты) сәйкес анықтау, емдеу және медициналық көмек көрсету ТҚҮ - да емделуші жұқпалы аурудың екі түрімен науқастанған науқастарды антиретровирустық препараттармен қамтамасыз ету;

2) ТМҮО – да АИВ – жұқтырылғандарға химиялық профилактика жүргізу үшін ионизид препаратына сұраныс жайлы жыл сайынғы мәліметтерді тапсыру;

3) ҚР ДМ 03.08.2007 жылғы №446 бұйрығымен бекітілген Нұсқауға сәйкес БМСК – жүйесінде, туберкулезге қарсы ұйымдарда АИВ – жұқтырылғандарды туберкулезге тексеру, тіркеу, емдеу және диспансерлік бақылауды және химиялық профилактиканы ионизид препаратымен жүзеге асыруда қамтамасыз ету.

4) ЖИТС – орталықтарының мамандарының және аудандық инфекционист – дәрігерлердің ТҚҮ – да ауруханалық және емханалық емделуші АИВ – жұқтырылған науқастарға кеңес берулерін ұйымдастыру.

5. Ғылым және білім беру Департаментінің Директорына (Хамзина Н)

1) медициналық жоғарғы оқу орындары мен Алматы дәрігерлер білімін жетілдіру институтына және орта медициналық мамандандырылған оқу орындарының 2010 – 2011ж оқу жылының бағдарламасына «Туберкулез бен АИВ – жұқпалы ауруларының ұйымдарының қызметтерінің өзара байланысы» туралы бөлімді енгізу;

2) ТҚҮ мен ЖИТС орталықтарының дәрігерлерін жетілдірудің 2010 – 2011 жылғы оқу жылының бағдарламасына тіркестірілген жұқпалы аурулардың ерекшеліктері мен психоәлеуметтік кеңес беру әдістерін үйретуді енгізу.

6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің вице – министрі Т.А. Вещенковқа жүктелінеді.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Ж. Досқалиев